



Г.Ж. Үйсінбаева

**Павлодар қаласының білім беру мекемелерінің педагогтері мен кітапхана жүйесінің қызметкерлері арасында,
Халықаралық әйелдер күніне арналған
«Барлық тіршіліктің тірегі – ана» атты өлеңдерді мәнерлеп оқу байқауын өткізу туралы ереже**

1. Жалпы ереже

Осы Ереже мәнерлеп оқу байқауының өткізу және оны қорытындылаудың тәртібін анықтайды .

2. Мақсаты мен міндеттері.

Байқаудың мақсаты: рухани, патриоттық, көркемдік даму басымдықтарын қоғамдағы педагог қызметкерлерінің шығармашылық қызметін арттырып, ынталандыру арқылы бекіту.

Байқаудың міндеттері:

- шешендік өнер мәдениетін насихаттау;
- талантты ұстаздарды қолдау;
- байқау тақырыбына сәйкес поэзияны насихаттау;
- отбасы институтының беделін арттыру.

3. Қатысушылар, Байқаудың қазылар алқасы және өткізу мерзімдері

3.1. Байқауға Павлодар қаласының мектеп педагогтері және Павлодар қаласы мектептен тыс ұйымдардың ұстаздары қатыса алады.

3.2. Байқауды өткізу мерзімдері:

Байқау 2024 жылы 5 наурызда Облыстық балалар кітапханасында өтеді (Луначарский көшесі 9/2)..

Өтінімдер 2024 жылғы 1 наурызға дейін metod-ziger@mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Өтінімде міндетті түрде келесідей мәліметтерді көрсету: педагогтың аты-жөні, білім беру ұйымының атауы, шығарманың атауы, авторы. Сүйемелдейтін музыка немесе видеослайдты хатқа тіркеу.

4. Байқаудың шарттары

4.1. Педагог өз бетінше ана туралы, қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде шығарманы таңдайды (жатқа айтуы міндетті)

4.2. Бағалау критерийлері:

- Әдеби мәтінді анықтап мәнерлеп айту;
- байқау тақырыбына сәйкестігі;
- Интонациялық сөйлеу мәнерлілігі (өсу қарқыны, екпіндерді көрсету; мелодика, әртүрлі дауыстағы дыбыс шығару; қарқыны мен ырғағы, дыбысталу

мен үзілістер ұзақтығынан көрінеді; эмоционалды бояу, сөйлеу сипатын анықтайтын);

- Артистизм;

- Сахналық мәдениеті (киімі, манера, жинақылық).

Поэтикалық шығармаларды орындалу деңгейі бойынша он балдық шкаламен бағаланады:

4.3 Қазылар алқасы байқау аяқталған соң қорытындылауды жүргізеді. Бас жүлде, 1,2,3 дәрежелі жеңімпаздары анықталып және басқа қатысушылар қатысқаны үшін дипломдармен марапатталады. Қазылар алқасының қалауы бойынша номинациялар қарастырылған.

Приложение 1

№	Аты-жөні	Жұмыс орны	Шығарманың атауы	Шығарманың авторы	Фондық музыка немесе бейне слайд (хатқа тіркеу, мұнда + белгілеу)
1					